



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

позиции на просторах своих личных страниц в соц сетях, блогах и интернет изданий, в надежде стать частью и не отстать от общего масштабного механизма информационной повестки дня.

ФОТОЖУРНАЛИСТИКА – БАСПАСӨЗДЕГІ КЕМЕЛ ӨНЕР

Омаров Ерлан Серікбайұлы

erlan.8484@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Журналистика» мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Сақ Қ.

Еліміздің бетке ұстар іргелі басылымы «Егемен Қазақстан» газетінде фототілші мамандығында жұмыс істей жүріп, талай тарихи оқиғалар мен ауқымды шаралардың куәсі болып келемін. Қазір фототілшіге қас қағым сәтті суретке түсіріп алуға арналған фотоаппараттардың сан алуан түрін қолдану – дағдылы жұмыс. Алайда бізге осы ғажайып фотография өнерінің шығу, даму, жетілу, болашаққа қадам басу әрекеттері аса таныс еместігін жасырмаймыз. Белгілі фототілші Асылхан Әбдірайымұлының «Фотожурналистика» атты еңбегін оқи отырып, өзімізге беймәлім бірнеше қызықты мәліметтер көрдім. Автор фотография тарихын, қазақ жеріне келуін, алғашқы қазақ фотографиялары, осы салада жүрген аға буын фототілшілер, тағы басқа да қызықты, тағылымды ақпараттар береді. А.Әбдірайымұлының дерегінше, қазір жұрттың бәрі қолына ұстап жүрген, адам өмірін сәнді етуге арналған фотоаппарат, яғни фотография осыдан 176 жыл бұрын, 1839 жылғы 7 қаңтарда ойлап табылған. Сол күні Париж Ғылым академиясының ғылыми хатшысы Доминик Франсуа Араго осы Ғылым академиясының сол күні өткен кезекті мәжілісінде француз өнертапқышы Луи Жак Манде Дагер ашқан «Камера обскура» («Қара кобдишаның») ішкі артқы қабырғасына салынған иодталған қалайы табақшаның бетіне «Қара кобдишаның» алдыңғы саңылауынан жарық түсіру арқылы заттың бет-бейнесін алуға және оны сынап буына ұстаудың көмегімен сақтауға болатыны жөніндегі жаңалығын жария етті. Соған байланысты бұл күн ресми түрде фотографияның туған күні болып енгізілді [1, 4].

Бұл жақсы жаңалық сол күні-ақ жер бетіне тарап кетті. Қазан айында орыс офицері Теремин Петербургте «Қара кобдишаның» объективін 25 минут ашып қойып, Исаакий шіркеуінің сыртқы бейнесін түсіріп алды.

Ал Қазақстанға фотография 1841 жылдың 6 желтоқсанында келген екен. Тура сол күні Ордада Жәңгір хан «Жәңгір мектебінің» ашылу салтанатына Ресейден арнайы фотограф шақыртып, осы мектепке алғаш қабылданған оқушылардың ортасында отырып суретке түскендігін де осы еңбектен білеміз.

Шәңгерей – Бөкей әулетінен ақ патша шарапатындағы дворян санатына қосылған екінші адам. Алғашқысы – Жәңгірдің өзі, ол бұл атаққа 1840 жылы, таққа отырғанына он жеті жыл толғанда ие болды. 1901 жылы Петерборда Бөкей хандығының құрылғанына 100 жыл толуына орай, үлкен салтанат өтіп, оған ішінде Шәңгерей де бар делегация қатысады. Сол жылы Шәңгерей Екінші Николайдың өз қолынан сыйлыққа фотоаппарат алған. Шәңгерей Бөкеев тез арада фото түсіру өнерін меңгеріп, сапалы суреттерді шығаруды үйренген. Қазіргідей тұрақты энергия қуаты жоқ, табиғи жарық күшіне сүйенген уақытта әрі дала жағдайында сурет басып шығару өте қиын болған. Шәңгерей түсірген фотолардың бізге жеткені он шақты болғанмен, олардың бәрі де химиялық талаптар дәл орындалғандықтан әрі сапалы, қалың ақ қағазға көшірілгендіктен ғасырлар өтсе де, сапасын жоймаған [2]. Алайда Еуропаның қақ төрінен қазақ жеріне жылдам жетсе де оның мерзімді баспасөз бетінен орын табуы кешеуілдеді. Оның себептерін сол тұстағы қазақ даласындағы құбылмалы саясат,

артынан болған төңкеріс, одан кейінгі тарихи аумалы-төкпелі кезеңдерден іздеу керек деп ойлаймыз.

Фотографияның Қазақстанда тұңғыш рет баспасөз бетінен орын алуы 1932 жылдың 9 мамыры болды. Дәл осы күні Алматыда ВКП (б) Орталық Комитетінің париялық баспасының Қазақстандағы филиалы ашылды. Соған байланысты баспахана техникалық тұрғыдан жаңартылып, газет-журнал беттерінде жарияланатын фотосуреттердің клишелерін жасайтын цех іске қосылды. Осылай фотография мерзімдік баспасөздің бетіндегі безендіру, көркемдеу құралынан бірте-бірте кеңейіп, журналистиканың жеке саласына қарай аяқ басты. Газет-журналдардың штаттық кестесіне фототілші мамандығы енгізілді [3].

Фотожурналистика дами келе онда әр түрлі жанрлар пайда болды. Олар негізінен алғанда, портрет, пейзаж, архитектуралық (сәулеттік) түсірілімдер, интерьер (ғимараттың ішкі көріністері), жанрлық фотография (тақырыптары: балалар, спорт, жануарлар т.т.), фоторепортаж сияқты түрлерге бөлінеді. Алайда өмір бір орында тұрмайды. Ол дамыған сайын барлық сала да дами береді. Мәселен, кейінгі кезде ғылыми фотография, ғарыштық фотография да кең етек жайған.

Тарихтағы тұңғыш фототілші Роджер Фентон 1855 жылы ағылшын экспедициялық кешенімен Қырымға аттанып, бір жылдан кейін жүздеген суреттермен оралады. Сол кездің өзінде фотокамера әскери тілшілер мен журналистерге өмірдің шынайы тіршілігін көрсетуге қызмет етті. Алғашқы әскери фототілшілердің ішінде Мэттью Брейди де болған. Ол отандастарына азаматтық соғыс туралы шындықты айту үшін Нью-Йорк пен Вашингтондағы әжептеуір дамыған портреттік бизнесін тастап кеткен. Сол кезде Брейдидің соғыс даласынан түсірген суреттері осы күні Америка тарихындағы аса құнды құжат ретінде бағаланады. Сол кездің басқа фототілшілері әлеуметтік тақырыптарға жақын болған. Мәселен, «Нью-Йорк трибьюн» газетінің құқық тақырыбына жазатын репортері Джейкоб Риистің суретіндегі ащы шындықты көрген Т.Рузвельт бірнеше әлеуметтік реформалар жүргізуге мәжбүр болды. Ол кезде Рузвельт Нью-Йорк штатының губернаторы болатын [1, 48].

Фото ісін дүниені географиялық тұрғыдан ақымды бейнелеуге, яғни бүгінгі теледидарға алып келген жолдың басы деп санауға болады. Ғасыр аяғында, сонымен бірге саз өнерінде де үлкен серпіліс болды – америкалық өнертапқыш Томас Алва Эдисон 1877 жылы магнитті таспа арқылы дыбысты жазып алып, қайта естіртетін құрылғы ойлап табады. Өнертапқыштың өзі «фонограф» деп атаған бұл дыбыс жазғыш музыка мәдениетінің тарихында тұңғыш рет үнді көркем туындыны таспаға тізіп сақтап қоюға және бірнеше нұскамен таратуға жол ашады.

XIX ғасырдың ортасынан ауа қазақ жеріне Ресейден орыс шаруалары үдере қоныс аудара бастайды. Сондай қоныс аударушы шаруа көшімен Семей шаһарына Томск губерниясынан Соломон Лейбин деген мұжық келіп, қазақ жеріндегі тұңғыш фотозертханасын ашады. Бүгінгі бізге жеткен Құнанбай әулетінің, Абайдың, Шоқан Уәлихановтың және жер аударылған Федор Достоевскийдің фотобейнелерін сол Лейбин түсіреді. Бірақ та бұл өте құнды фотолардың авторы жөнінде басқа да пікірлер бар [1, 79]. 1873 жылы Жетісу губернаторы Колпаковский сол Лейбинді Верный қаласына алдырып, Штабной және Колпаковский (қазіргі Гоголь және Достық даңғылы қиылысы) көшелері түйіскен тұста қаладағы алғашқы фотостудия ашылады. Қазіргі тарихи кітаптардағы фотошежіре суреттердің көпшілігі Соломон Лейбиннің әулетіне тиесілі. Әкесінің ісін баласы Абрам, немересі Павел және шөберелері жалғастырып отырған. XX ғасырдың бас кезіндегі Жетісу өңіріндегі тарихи оқиғаларды және Верный қаласының өсіп-өркендеу бейнесін тарихта ойып орын қалдырған осы Лейбин әулеті. Сонымен қатар олардың фотобаяндары газет беттерінде де жарық көріп, тіпті, Санкт-Петербурда баспадан шыққан Жетісу өлкесі жайындағы ең алғашқы (открытка) фотобаянды да айшықтаған.

Ең алғашқы болып фотожурналистика терминін – Миссури университетінің журналистика мектебінде – 29 жыл ұстаздық еткен, Клифф Эдом (1907-1991) қолданысқа енгізді. Іргесінде ол тұңғыш рет 1946 жылы фотожурналистика тобын ұйымдастырды.

Ал Мәскеу мемлекеттік университетінде де қазір фотожурналистика бөлімі бар. Фотожурналистерді дайындайтын тағы бір білім ордасы – Санкт-Петербург пен Ленинград облыстық журналистер одағына қарасты, 1959 жылы құрылған Ю.А. Гальперин атындағы фотожурналистика факультеті.

Ресейдің мемлекеттік гуманитарлық университеті 2006 жылдан бастап «Фотография өнері мен техникасы» мамандығы бойынша талапкерлер қабылдауды бастайды.

Ең алғаш Санкт-Петербург мемлекеттік кино және телевидение университеті болып 1918 жылы іргесі қаланған бұл оқу ордасы фотография мен фототехниканың ең жоғары институты болып құрылды. 1924 жылдан бастап мемлекеттік фототехникумға айналса, 1930 жылдан бастап қазіргі таңға дейін Ленинград киноинженер институты болып келеді [1, 90].

Фотожурналистер әр түрлі салада: газет-журналдарда, ақпараттық станцияларда, веб сайттар мен визуалды БАҚ құралдарында еңбек етеді. Фотожурналистерді жұмысқа шақыратын орындардың бірі «Ассошиэтед пресс» «Рейтер» сынды ақпарат агенттіктері. Бұл агенттіктерден алған фотосуреттерді әлемнің көптеген БАҚ құралдары күнделікті пайдаланып жатыр. А.Әбдірайымұлының мәліметіне сүйенсек, фотожурналистика бірнеше жанрға ие. **Фотожурналистика жанрлары** – қоршаған әлемді сурет арқылы танып білу: фотоайғақ (фотозаметка), фоторепортаж, фотоочерк.

Фотоайғақта түсірілген суреттің бір қыры нақты дәлел-дәйек ретінде ғана беріледі. Фоторепортажда болған оқиға жан-жақты тұрғыда толыққанды көрсетіледі. Фотоочеркте оқиға құбылыс ретінде беріледі.

Фотожурналистиканы *ақпараттық* және *публицистикалық* жанр деп бөлуге болады. Біріншісіне фотоайғақ, фотосуреттеме, фоторепортаж, ал екіншісіне фототілшілік, фотоочерк, фотомонтаж жатады.

Фотоайғақ – күнделікті өмірдегі болып жатқан маңызды нақты оқиғаларды суреттейтін, күнделікті қоғам өмірін жағымды немесе жағымсыз жағынан әшкерелейтін жанр. Фотоайғақ жанрын өзінің шындықты ашып көрсете алатын жанрлық ерекшелігіне байланысты фотоайыптау деп те атауға болады.

Фотосуреттеме – ақпараттық жанрға жатады. Ол қысқа әрі нұсқа баяндау тәсілімен түсіріледі. Заман тынысын дәл, ұтымды көрсетіп, көрермендеріне әрі ақпараттық хабар жеткізе алады. Журнал беттерінде жарияланған фотосуреттемелер болған оқиғадан арнайы тікелей хабар беруге арналмаса да, бірақ шұғыл түсірілгені сезіліп тұрады. Фотосуреттемелік көріністерді көбіне әсерлі, лирикалық туындылар қатарына жатқызуға болады.

Фоторепортаж – ақпараттық жанр. Ол шұғыл түсіріліп, болған оқиғаларды жеткізуде өзінің деректілігімен құнды материал ретінде пайдаланылады.

Фоторепортаж формалары бірнеше кадрлардан тұрады. Әр кадры рет-ретімен құрастырылады. Көріністер композициялық тұрғыдан өңделеді. Және триптих түрінде де жасалады.

Фотоочерк – публицистикалық жанр. Негізгі бағыты қоғам өміріндегі айшықты бетбұрысқа толы құбылыстарды фотосурет арқылы беру. Фотоочерк жанрында адамның жеке өмірі қамтылып қана қоймай, оның қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы көрсетіледі [1,86].

Фотоочерк – ағылшын тілінен аударғанда «тарих» деген сөз, яғни өмір ағымындағы өтіп жатқан жылдар тізбегінің көріністерін, айқын және нақты көрсетіп тұратын суреттер жиынтығы деген мағына береді. Фотоочерк бірнеше суреттен құралады. Фотоочерк бір тақырып, бір арқаумен бірлескен көптеген кадрдан тұрады. Фото суреттер бір-бірімен тізбектеліп, болған оқиғаның баяндаушысы қызметін атқарады. Фотоочерк әдеби очеркке ұқсас болып келеді. Әдеби очеркте көркем оқиғалар шынайы түрде баяндалса, ал, фотоочеркте шынайы оқиғаны нақты дәлдігін бейнелей отырып, сол уақыттың көрінісін сырттай көрсетіп тұрады.

Фотоочерктің біз үшін тиімді жағының бірі – біз өзіміздің ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді суреттер арқылы өзге елге көрсетуімізге болады. Сөзбен айтып жеткізе алмаған дүниені фотоочерк суреттер арқылы сөйлетеді, бұл бейнелер адам жадында мәңгілік

сақталып, күнделікті жазып отырса да, ол сурет сияқты айқын және нақты көрініс бола алмайды.

Фотоочерк неғұрлым өмірдегі қойылымды, ондағы көңіл-күйді қадағалайды. Фотоочерктің фоторепортаждан айырмашылығы: фоторепортаж болған оқиғаны қоспасыз баяндайды. Ал фотоочеркте суреттер әр жылда түсірілгендіктен, ішінде қоспа болуы немесе мысал келтірілуі мүмкін. Фотоочерк сәтті шығуы үшін қарапайым қағидаларды білу қажет.

Нағыз көркем очерктік туындысын жасау үшін фотоочеркистің көру ұстанымы болуы керек, қоғамдық мүддені анық түсініп, саралай білуі, ғажайып көріністерді қалт жібермей, дер сәтінде ұстап қалуы керек.

Фотокорреспонденция – фотопублицистика жанрына жатады. Бұл жанрдың фоторепортаждан айырмашылығы, мұнда болған оқиға толықтай қамтылмаса да, оқиғаның шығу себеп-салдары анықталып, нақты мәліметтерге сүйеніп барлау жасалады. Фотокорреспонденция сараптама сөз жүзінде емес көрініс арқылы жасалады. Мысалы, фотожурналист монтаждау арқылы мән-мағынасы бұлдыр екі фотосуретті салыстыру арқылы ой-тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Фотомонтаж – бірнеше фотосуреттерді біріктіріп, иллюстрация немесе негізгі ойды меңзейтін фотосурет жасау. Осындай амалдармен қарастырылған суреттер газет-журналдардың мерекелік беттерінде жиі қолданылады. Ал бүгінгі заманғы компьютерлік техниканың шексіз мүмкіндігі фотомонтаж жасаудың түрлі бағдарламаларын енгізді. Мысалы: Adobe Photoshop, Corel Photo-Paint, GIMP [4].

Папарацци жанры. Италиян тілінен аударғанда «парапарazzo» жабысқақ, қадалған жерден қан алатын ызыңды масаның түрі.

Термин 1960 жылы Федерико Феллинидің «Тәтті өмір» фильмі жарыққа шыққан күннен қолданысқа түсті. Фильмнің бас кейіпкерінің досы – фотограф Папарацио. Ол – Ф.Феллинидің Тацио Секьяроли есімді атақты фотограф досының прототипі. Режиссер бұл кейіпкерді өте мазасыз, қадалған жерінен қан алатын, масаға ұқсайтын персонаж ретінде көрсетеді. Феллинидің айтуынша, сыныптастары оның мектепте бірге оқыған досын тез сөйлеу мәнері үшін «Папараццо» деп атап кеткен. Кейіннен сөз тек папараццо дегеннен көпше түрдегі папарацци сөзіне ауысты. Ол барлық тілде бір мағына – атақты адамдарды аңдып жүріп, әртүрлі жағдайда фотоға түсіретін фотограф дегенді білдіреді.

Кей деректерге қарағанда, 1997 жылы 31 тамызда Парижде болған, Диана ханшайымның қаза тапқан жол апаты папараццидің кесірінен болған. Алайда, 2008 жылы сот ханшайымның ішімдік ішкен жүргізушінің кесірінен қаза тапқанын анықтаған. Сондықтан папараццидің еш қатысы болмауы да мүмкін деп айтқанымызбен, оқиға солардан қашып келе жатқан кезде болған [1,41].

Фотоодақтар мен ұйымдар. Әлемдегі баспасөз фотографтарының ең алғашқы ұйымы – 1912 жылы Дания мемлекетінде пайда болды. Копенгагенде құрылған бұл ұлттық ұйымның ашылуына күш салғандар – даттық алты фоторепортер. Бүгінгі күні оның 800-ге тарта мүшесі бар.

Қазақстандағы «ФОТОӨНЕР» қоғамдық бірлестігі. 2010 жылы 25 тамызда фотосуретшілер мен фотожурналистердің бастамасымен «ФОТОӨНЕР» қоғамдық бірлестігі құрылды.

Бұлардан басқа әлемдегі көптеген елдерде фотожурналистердің ұйымдары мен одақтары бар. Таза ұлттық сана-сезімді қалыптастыру үшін кез келген мәселеге ұлттық мүдде тұрғысынан қарап, байыппен саралау, ой елегінен өткізу аса маңызды. Қазақтың асыл сөзінде айтылғандай, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін фотожурналистика жанрлары баспасөздің ең оңтайлы, аса ұтымды, икемді бөлігі ретінде өз мүмкіндігін жоғарылата берері сөзсіз. Қоғамдық өмірдегі кез келген жағдайларды бір-екі суретпен жеткізетін фотожурналистер қауымының кәсіби шеберліктері шындала түсіп, еңбектері қалың бұқараға әсерлі, тартымды болып келе жатқанын анық. Қазіргі күнде фото журналистің архивтік материалына айналып келеді. «Сурет журналистің қосымша қаруы, серігі, архиві, ақылшысы да» [5]. Бұдан журналистика саласындағы фотографияның

маңыздылығын байқаймыз. Фототілшінің шеберлігі әлеуметтік-саяси мәселелердегі күзіреттілігіне, жоғары эрудициясына, азаматтық ұстанымына тікелей қатысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Әбдірайымұлы А. Фотожурналистика. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. -116 б.
- 2.Тәжімұрат М. Шәңгерей. –Алматы: Өлке, 1998.
3. Козыбаев С.К. А.: Словарь справочник, Масс-медиа Академия журналистики Казахстана. – Алматы, 2007.
4. Березин В.М. Фотожурналистика. / учеб. пос. для вузов. – Москва, 2009.
- 5.Юодакис В. Система жанров фотожурналистики. М.: Эра, 1976

РОЛЬ ЮНЕСКО В РАЗВИТИИ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА В МИРЕ И В КАЗАХСТАНЕ

Омарова Асем Болатовна

asema_88_86@mail.ru

Магистрантка 1 курса специальности «Журналистика» факультета журналистики и политологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – С.Тахан

Организация Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры (ЮНЕСКО UNESCO — The United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization), созданная 16 ноября 1945 года, является одним из специализированных учреждений ООН. ЮНЕСКО была образована для укрепления международного мира и согласия путем расширения сотрудничества народов в области образования, науки, культуры и информации.

В мае 1992 года уже суверенная Республика Казахстан стала полноправным членом ЮНЕСКО. Избранная членом Исполнительного Совета ЮНЕСКО с 1997 года, Республика Казахстан принимает активное участие в регулярных сессиях Генеральной конференции ЮНЕСКО, внося значительный вклад в выработку политики, программы и бюджета ЮНЕСКО.

В 2012 году отмечали 20-летие Алматинской декларации о содействии независимых и плюралистических СМИ в Азии. Данная декларация, принятая в октябре 1992 года, является одним из базовых документов ООН и ЮНЕСКО в области информации и коммуникаций. Конференция направлена на распространение лучших методов развития плюрализма СМИ с целью содействия свободе печати и самовыражения на международной арене.

20 лет назад по инициативе Генрикаса Юшкявичуса и Мартина Хэдлоу на факультете журналистики КазНУ имени аль-Фараби была открыта первая в регионе Центральной Азии кафедра ЮНЕСКО по журналистике и коммуникациям. За это время проделана огромная работа по внедрению в жизнь основных принципов Алма-Атинской Декларации, развитию научных исследований в области журналистики. Адаптированы учебные программы, подготовлена методическая литература, дистанционные курсы, разработаны инновационные семинары. Еще в 90-е годы кафедра ЮНЕСКО стала инициатором приглашения зарубежных ученых[1, с. 24].

М. Хэдлоу отмечает, что Декларация 1992 года призывала ЮНЕСКО и других партнеров совершить ряд определенных действий, и многие практические рекомендации были успешно выполнены. Например:

- Содействие развитию профессиональных ассоциаций работников сферы СМИ. Поддержка Ассоциации электронных средств массовой информации в Центральной Азии (ANESMICA) и сети «Женщины Центральной Азии» (WIMNCA);
- Открытие медиаресурсных центров, например, в Бишкеке и Ташкенте;